

2022-2023 оқу жылында II тоқсан бойынша жиынтық бағалау өткізудің жоспары

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 8 А

	Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тақырыптары	Өткізілетін күні	Бағалауды өткізу түрі. БЖБ мак.баллы	Жиынтық бағалау рәсімдерінің орындалу ұзақтығы	Мерзімі		Ескерту
						құрастыру	сараптама	
II тоқсан	8 а	БЖБ №1 Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	22.12.2022 ж	2 тапсырма түрінде 13 балл	20 мин	15.12.2022 ж	19.12.2022 ж	
		ТЖБ №2 Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	26.12.2022ж	4 тапсырма 25 балл	40 мин	19.12.2022ж	23.12.2022ж	

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Қазақстандағы ұлттық автономиялар Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу
Оқу мақсаты	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру 8.4.1.1 Деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға береді • Жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерге талдау жасайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Ұлттық автономиялар туралы кестені толтырыңыз.

Алаш Орда үкіметі	Түркістан (Қоқан) автономиясы
Мақсаттары қандай болды?	
Автономиялар өз мақсаттарына жете алды ма? Неліктен?	

2. Деректерді салыстыра отыра, Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың нәтижелерін салалар бойынша талдаңыз.

1-дерек

Жаңа экономикалық саясаттың аясында қабылданған міндеттердің ішіндегі ең маңыздысы – азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастыру туралы шешім болды. Азық-түлік салғырты кезінде шаруа қожалықтары өндірілген өнімнің өзін қамтамасыз етуге қажетті үлесінен артығын мемлекетке тапсыруға міндетті еді. Азық-түлік салығының ендірілуі, яғни белгіленген мөлшердегі ғана салықты өтеуге байланысты, олар өндірілген өнімнің артығын өз еркімен пайдалану құқығына ие болды.

<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9008/>

2-дерек

Экономикалық өмірдің нақты дамуын қамтамасыз ететін мұндай саясат өте орынды еді. Алайда ірі өнеркәсіп саласын мемлекеттік монополизациялау нәтижесінде олар өз өнімдерін тұтынушыларға (әсіресе аграрлық сектордағы жеке тұтынушыларға) өте жоғары бағамен ұсынды. Партия және үкімет шешімдері ауыл шаруашылық кооперацияның ЖЭС жағдайындағы жаңа ролін анықтағанына қарамастан, оны бақылап отыруға мемлекет мүдделі болды, соның нәтижесінде мемлекет ауылшаруашылық товарларын сатып алу бағасын өзі белгіледі және ол өте төмен болды.

<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9008/>

Саяси	Экономикалық
-------	--------------

1	1
2	2
<p>Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың нәтижелері тиімді/тиімсіз болды?</p> <p>Неліктен?</p> <p>Екі дәлел келтіріңіз.</p>	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға береді	1	Алаш Орда үкіметінің мақсатын жазады;	1
		Түркістан автономиясының мақсатын жазады;	1
		Алаш Орда үкіметінің мақсатына жеткен/жетпегендігін жазады;	1
		Себебін жазады;	1
		Түркістан автономиясының мақсатына жеткен/жетпегендігін жазады;	1
		Себебін жазады;	1
Жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерге талдау жасайды	2	ЖЭС-тың 1-саяси нәтижесін жазады;	1
		ЖЭС-тың 1-экономикалық нәтижесін жазады;	1
		ЖЭС-тың 2-саяси нәтижесін жазады;	1
		ЖЭС-тың 2-экономикалық нәтижесін жазады;	1
		Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың нәтижелері тиімді/тиімсіз болғандығы туралы пікірін білдіреді;	1
		Бірінші дәлел келтіреді;	1
		Екінші дәлел келтіреді.	1
Барлығы			13

«Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау Критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға береді	Алаш Орда/Түркістан үкіметінің мақсатын жазуда, олардың мақсатына жеткен/жетпегендігін анықтауда, себебін жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Алаш Орда/Түркістан үкіметінің мақсатын жазуда, олардың мақсатына жеткен/жетпегендігін анықтауда, себебін жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Алаш Орда/Түркістан үкіметінің мақсатын жазады, олардың мақсатына жеткен/жетпегендігін анықтайды, себебін жазады <input type="checkbox"/>
Жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерге талдау жасайды	ЖЭС-тың 1/2-саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени нәтижелерін анықтап, Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың нәтижелері тиімді/тиімсіз болғандығы туралы пікірін білдіріп, 1/2-дәлел келтіруде қиналады <input type="checkbox"/>	ЖЭС-тың 1/2-саяси, экономикалық нәтижелерін анықтап, Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың нәтижелері тиімді/тиімсіз болғандығы туралы пікірін білдіріп, 1/2-дәлел келтіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	ЖЭС-тың саяси, экономикалық нәтижелерін анықтайды, Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың нәтижелері тиімді/тиімсіз болғандығы туралы пікірін білдіреді, 1/2-дәлел келтіреді <input type="checkbox"/>

**«Қазақстан тарихы» пәнінен ІІ тоқсанға
арналған жиынтық бағалаудың
тапсырмалары**

1. Кеңес өкіметінің Қазақстанда орнауына Ленин бастаған большевиктердің қандай уәделері әсер етті?

- a)
- b)
- c)
- d)

XX ғасырдың басындағы Қазақстанда Ленин бастаған үкімет қандай уәделерді орындамады? Неліктен?

--

[6]

2. Қазақ зиялыларының қоғамдағы ролі мен қызметіне талдау жасаңыз.

Алаш автономиясының жетекшілері		Түркістан автономиясының жетекшілері	
Әлихан Бөкейханов	Жаһанша Досмұхамедов	Мұхаммеджан Тынышпаев	Мұстафа Шоқай
Қоғамдағы қызметі мен ролі			
Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?			
1.			
2.			

[6]

3. Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуына қатысты терминдер мен цифрларға анықтама беріңіз. Қазақ АКСР-ның құрылуының тарихи маңызын жазыңыз.

<i>1920 жылы 26 тамыз</i>	
<i>1920 жылы 4 қазан</i>	
<i>С. Меңдешев</i>	
<i>В.А. Радус-Зенькович</i>	



Қазақ АКСР-ның құрылуының тарихи маңызын жазыңыз.

- 1.
- 2.
- 3.

4. Жаңа экономикалық саясаттың нәтижелеріне талдау жасаңыз.[7]

Жаңа экономикалық саясат нәтижелері	
Оң нәтижелері	Кемшіліктері

[6]

Балл қою кестесі

№	Жауаптары	Балл	Қосымша ақпарат
1	<p>a) халыққа бейбітшілік b) жұмысшыларға зауыт пен фабрика c) шаруаларға жер d) ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандық беру</p> <p>Ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандық беру уәдесі орындалмады. Теңдік пен бостандық тек қағаз жүзінде ғана берілді. Ұлттардың құрған үкіметтері қудалауға ұшырады, саяси жетекшілері кейіннен жазаланды.</p>	6	

	<p>Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды. Әлихан Бөкейхан кезіндегі құдыретті Қазақ хандығының бірлігі мен күш-қуатынан айырылып, отарлық тәуелділікке қалай түскенін егжей-тегжейлі зерделеп шықты.</p> <p>Жаһанша Досмұхамедов - Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі төрағасының орынбасары, Уақытша үкіметтің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы туралы заң жобасын дайындайтын Мемлекеттік кеңестің мүшесі болған. Облыстық және жалпы қазақ съездеріне қатысқан. Алашорда үкіметінің құрамына сайланған. 1918 жылдың көктемінде құрылып, күзінде таратылған «Уақытша Ойыл Уәлаятын» және оның орнына құрылған Алаш автономиясының батыс бөлімшесін басқарған. Большевиктердің көсемдері В.И.Ленинмен және И.В.Сталинмен қазақ автономиясы туралы келіссөздер жүргізген.</p> <p>Мұхаммеджан Тынышпаев 1917 жылдың ақпанында дүниеге келген Уақытша Үкіметтің Түркістан Комитеті құрамына мүше болып, халық трагедиясын шешуге барынша атсалысты. М.Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметінің келесі бір өте маңызды кезеңі — Алашорда үкіметі тарихынан табылады. 1917 жылдың соңына таман Ресейдегі биліктің дағдарысы мен анархияға ұшырауы Алаш зиялыларының ұлттық автономия мәселесін көтеруіне ықпалетеді.</p> <p>Мұстафа Шоқай бастаған мұсылмандар қозғалысының өкілдері шұғыл жиналып, төтенше съезд өткізді. Съезд шешімімен құрылған Түркістан-Қоқан автономиясының 54 адамнан тұратын уақытша халық кеңесінің құрамына сайланды. Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі болды. Уақытша үкіметтің төрағасы Мұхаммеджан Тынышпаев қызметінен кеткеннен кейін, оның орнына Шоқай сайланды. Мұстафа Шоқай автономияны сақтап қалу үшін аянбай еңбек етті. Бірақ, өкінішке қарай автономияның ғұмыры ұзаққа созылмады.</p> <p>Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?</p>	6	
--	---	---	--

	<p>1. Кенес үкіметінің саясаты автономиялардың идеяларының жүзеге асуын қиындатты.</p> <p>2. Ұлттық автономиялардың жетекшілері қудалауға ұшыратылды</p>		
3	<p>1920 жылы 26 тамызда РКФСР құрамындағы «Автономиялы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декрет қабылданды.</p> <p>1920 жылы 4 қазанда Орынбор қаласында Қазақ АКСР Кеңестерінің құрылтай съезі өткізілді.</p> <p>Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С. Меңдешев, ал Қазақ АКСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып В.А. Радус-Зенькович тағайындалды.</p> <p><i>Қазақ АКСР-ның құрылуының тарихи маңызын жазыңыз.</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Декларацияда» Қазақ АКСР-ның мемлекеттік басқару органдары, азаматтардың құқықтары мен міндеттері айқындалды. 2. Декларацияда әрбір ұлттың ана тілін пайдалануға толық құқығы бар деп көрсетілді. 3. Қазақ АКСР құрамына Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары және Каспий облысы мен Астрахан губерниясының қазақтар тұратын аудандары енді. Астанасы Орынбор қаласы (1920-1924 жж.) болып белгіленді. 	7	
4	<p>Жаңа экономикалық саясаттың оң нәтижелері: 1924 жылы 1 қаңтардан бастап салық тек ақшалай төленетін болды. Салық үдемелі болғандықтан, оның бар ауыртпалығы байларға және кулактарға түсті. Мал өсіретін қожалықтар салықтан босатылды. Жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат берілді.</p> <p>Жаңа экономикалық саясаттың кемшіліктері: Саяси өмірде демократия бұрмаланды. Еркіндік мүлде болмады. 1921-1922 жылдардағы ашаршылық</p>	6	
Барлығы		25	

«Turan mektebi»

Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтер

II тоқсан

Қазақстан тарихы пәні бойынша

Сынып: 8 а

Оқушылар саны: 21

Педагог: Еримбетов Т

Мақсаты: Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау жүргізу

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Пән	Орындаған оқушы	Максбалл	ЖБ балдарыныңпайыздықмазмұны				Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жақсы	жоғары		
			0-39%	40-64%	65%-84%	85-100%		
Оқушыларсаны :								
БЖБ 1	24	10	0-1 балл 0	2-3 балл 4	4-5 балл 8	6-7 балл 12	83%	100%
ТЖБ	24	25	0-5 балл 0	6-8 балл 5	9-14 балл 10	15-20 балл 9	79%	100%

	Қол жеткізілген мақсаттар	Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1	Бөлім бойынша берілген анықтамалық сұрақтарға нақты жауап берілген.	Картамен жұмыс жасау барысында қателіктер жіберген
БЖБ 2	Бөлім бойынша берілген ашық тест сұрақтарына нақты жауап берілген.	Сәйкестендіру тестін жасауда қателіктер жіберген
ТЖБ	Балалардың бөлім бойынша берілген тапсырманы толық орындаған	Оқиғаның түйінін шығаруда қиындық тудырған

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың келесі білім деңгейін көрсетті: Жоғары (B): 85-100%, жақсы (C): 65-84%, орта (D): 40-64%, төмен (H): 0-39%,

Жоғары (B) 85-100%	Жақсы (C) 65-84%	Орта (C) 40-64%	Төмен (H) 0-39%
		Туленди E	

2. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесі:

- картамен жұмыс жасау қабілетінің төмендігі
- есте сақтау қабілеттерінің төмендігі (кейбір білім алушыларда)

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға аталған қиындықтардың себептері:

- Балалардың тіл байлықтарының аздығы;
- Ата-ана тарапынан қадағалаудың тапшылығы (кейбір білім алушыларда)

4.Жоспарланған түзету жұмысы:

- білім алушылармен қосымша жұмыс жасау
- Қазақстан тарихы пәнін тереңдетіп оқыту

Қорытынды.

Білім алушылар алған білімдерін көрсете білді.Берілген оқу мақсаттарына қол жеткізді.

Білім сапасы 50%, үлгерім 100 % құрайды

Пән мұғалімі: Еримбетов Т